

1-МОДУЛЬ. ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ӨРКЕНИЕТТІҢ БАСТАЛУЫ

1. 4 тақырып. Тас ғасыры: кезеңдері және археологиялық ескерткіштері.

2. Лекцияның мақсаты мен міндеттері: Тас дәуірінің кезеңдерге бөлінуін қарастырып, хронологиялық шеңбері бойынша әр кезеңнің өзіндік ерекшеліктері мен жаңалықтарын анықтау барысында студенттердің анализ бен синтез біліктерін игеруге үйрету.

3. Лекция мазмұны. Археологиялық зерттеулерге қарағанда планетамызда адамдық ғұмыр б.д.б. 2,5 – 1 млн. жылдар арасында басталған. Оның басты дәлелі сол алғашқы адамдардың тастан жасаған құралдарының табылуы. Археолог ғалымдар осы тастан жасалған құралдарды зерттеп, ежелгі адамдардың тас дәуірін басынан өткізгендіктерін дәлелдеген. Ежелгі адамдардың сүйек қалдықтары Африканың оңтүстік шығысынан, Қытай, Индонезия, жерлерінен табылған. Сондықтанда бұл жерлер алғашқы адамдардың пайда болған Отаны болып табылады. Әзірше біздің жерімізден алғашқы адамдардың қаңқалары табылған жоқ. Бірақ та бұған қарап жерімізде алғашқы адамдар өмір сүрмеді деген ой тумауы керек Өйткені, археолог Х.Алпысбаевтың зерттеуіне қарағанда, жеріміздің оңтүстік аймағында ежелгі адамдардың өмір сүргендігі дәлелденіп отыр. Ғалымның Бөріқазған, Тәңірқазған жерлерінен тапқан тас құралдарының жасалған кезі б.д.б. 800-700 мың жылдар шамасын көрсетеді.

Жерімізде тас дәуірінің ескерткіштерінің арнайы зерттеле бастауы 1946-жылы Қазақ ССР Ғылым академиясы құрылып, оның жанында зор әсерін тигізген. Осы институттың ғылыми қызметкерлері Х. Алпысбаев 1959-1960 жылдар арасында, Қаратау археологиялық экспедициясының бөлімшесін басқарып, ежелгі адамдардың ескерткіштерін тауып, тарихи маңызды жаңалықтар ашқан. Ол өзінің атақты «Оңтүстік Қазақстанның ежелгі тас дәуірі 1979» атты ғылыми еңбегін жариялаған. Бұл еңбек бүкіл дүние жүзі тас дәуірінің мамандарына қазақ жеріндегі ежелгі адамдардың өмірі жайында үлкен пікір туғызған. Ғалымның еңбегіне тас дәуірінің маманы, атақты академик А.П. Окладников өте жоғары баға берген ХХғ. 70-80 жылдарынан бастап жеріміздің түкпір-түкпірінде тас дәуірінің зерттелу мәселесі жаппай қолға алынған. Көрсетілген мерзім ішінде А.Г.Медоев, А. Артюхов, М.Н. Клапчук, В.С. Волошин, Б.Ж. Әубекеров, А.П. Деревянко т.б. археологтар жаңа ескерткіштер ашып, ежелгі тас дәуірінің зерттелуіне өз үлестерін қосты. Ал 80-жылдардан бастап бұл дәуірдің зерттелуіне үлкен үлес қосқан археолог тас дәуірінің маманы Ж.Қ. Таймағанбетов болды. Ғалым өзіне дейінгі зерттеушілердің ғылыми пікірлерін өзінің ашқан жаңа материалдарымен салыстыра отырып, жеріміздегі ежелгі адамдар өмірінің даму мерзімдерінің жаңа хронологиялық кезеңдерін жасады.

Адамның шығуы, оның дамуы мен еңбек қызметінің тарихы біздің Жердің түкпір-түкпірінің бәрінде бір-біріне өте ұқсас және өзара тығыз байланысты. Қазақстанның территориясы – планетаның шағын бөлігі, сондықтан оның тарихы

бүкіл дүниежүзілік тарихтың бір тарауы ғана болып табылады. Ғалымдар арасындағы адам баласын кім жаратты, ол қайдан пайда болды деген сауалдар төңірегіндегі пікір-таластар бүгінгі күні де толастамай тұрғандығын айта кеткен жөн. Ол адамзат тарихымен тікелей байланыстағы ең ежелден келе жатқан аса маңызды сұрақтың бірі болып табылады. Тарихшы Б.Б. Ирмуханов адамзаттың шығу тегі туралы «діни» және «ғылыми» екі көзқарас бар дейді. Алайда, қазіргі таңда бұл сұраққа қатысты негізгі үш концепцияны атап кетуге болады. Оның біріншісі, ғылыми-материалистік немесе эволюциялық концепция. Мұны қолдаушылар адам баласы маймылдан жаралды, оның дамуы ұзақ жылдарға созылды, эволюциялық даму нәтижесінде қазіргі адам қалыптасты деген көзқарасты ұстанады. Екіншісі, теологиялық немесе діни концепция. Бұл концепцияны қолдаушылар адам баласын Құдай жаратты деп есептейді. Ол – діни сана, діни көзқарастар қалыптасқаннан бері келе жатқан ең көне концепциялардың бірі. Оны әлемдік (ислам, христиан, будда), ұлттық (иудаизм, конфуциандық, даосизм, сикхизм, синтоизм, т.б.) діндерді тұтынушылардың кез келген өкілі қолдайды. Соңғы жылдары бірқатар теолог-ғалымдар дәлелді де дәйекті пікірлерімен ғылыми-материалистік концепцияның негізсіз екендігін нақты көрсетуге ұмтылуда. Ал зерттеушілер арасында азды-кемді таралған үшінші палеоконтактілік (ғарыштық) концепцияны қолдайтындар саны тым аз. Бұл концепцияны қолдаушылар ойынша, адамзаттың шығу тегіне ғарыштан келген келімсектер тікелей әсерін тигізген, адам баласы солардың ғылыми істәжрибесінің жемісі болып табылады. Қазіргі таңда аталмыш концепция негізінде жаңаша «палеовизитология» атты ғылым қалыптаса бастады. Бүгінгі күні палеовизитология кешенді гипотезалардан тұрады, олардың шынайылығы ғылыми фактілермен нақты дәлелдене қойған жоқ. Біздің Қазақстанда соңғы аталған концепцияны қолдаушы ғалымдар саны жоқтың қасы деуге болады. Көпшілік оқулықтарда, ғылыми еңбектерде Қазақстанның тас дәуірі ғылыми-материалистік тұрғыдан баяндалынады. Дегенмен, алғашқы екі концепцияны (теологиялық, ғылыми-материалистік) қатар алып жүрген, ғылыми еңбектерінде екеуін де қолданып, өзара байланыстыруға тырысып жүрген авторлардың бірі Ж.О. Артықбаев болып табылады. Ол өзі жазған бірқатар оқулықтарында, оқу құралдарында библиялық мәтіндерді де, тас дәуіріндегі археологиялық ізденістердің нәтижелерін де қатар беріп, кенінен қолдануда.

Ежелгі адам өзінің дамуында бірінен соң бірі келген бірнеше кезеңдерден өтті. Бұл кезеңдердің негізінде тас өңдеу техникасының жетілуі және осыған байланысты еңбек өнімділігінің, материалдық және рухани мәдениеттің өсуі

жатыр. Ғылымдағы қазіргі классификация бойынша, ежелгі тас дәуірі ұзақ-ұзақ хронологиялық үш дәуірді – ежелгі, орта, соңғы (жоғарғы) палеолитті қамтиды. Батыс Еуропаның материалдары негізінде құрылған классикалық (археологиялық) схема бойынша ежелгі палеолит үш дәуірге: дошелль, шелль, ашель болып бөлінеді; орта палеолит соңғы ашель, мустье болып, ал соңғы палеолит ориньяк, солютре және мадлен болып бөлінеді. Соңғы жылдары бұл схемаға кейбір өзгерістер енгізілді. Ежелгі тас дәуірі (палеолит) – адамның және оның шаруашылығының қалыптасу уақыты өндіргіш күштердің төмен деңгейімен сипатталады. Долбарлы шаруашылық кәсіптің мәні табиғаттың дайын тұрған өнімдерін пайдалану болды. Алғашқы адам өздігінен өсетін дәндерді, жеміс-жидекті теріп жеді және жабайы хайуандарды аулады. Адамдардың қарымқатынастары коллектив мүшелерінің экономикалық жағынан теңдестігіне, еңбектің табиғи түрде жыныс-жас жағына қарай бөлінуіне негізделді және өзінің сипаты жағынан коллективтік қатынастар болды. Палеолит дәуірінде адамдардың қоғамдық ұйымдасуы күрделі де ұзақ даму жолынан өтті. Мұндай ұйымдасудың бастапқы кезеңі алғашқы тобыр – бірлесіп қорғану және шабуыл жасау, аң аулау және жиын-терін үшін бірлесу болды. Рудан бұрынғы бұл әлеуметтік құрылымның өзгешелігі – қоғамдық қатынастар қалыптаспаған, әлсіз болды, қауым-үй шаруашылығы болмады, сонымен қатар, бұл құрылымға неке байланыстарының біршама реттелгендігі тән болды. Алайда, Қазақстанның оңтүстік аудандарындағы палеогеографиялық жағдай ежелгі адамның өмір сүруі үшін қолайлы болды. Бұл аймақтың маңайында және оған жақын аудандарда ширектік дәуірдегі мұзданудың ешқандай ізі жоқ. Біршама ылғалды, жылы климат, ылғалды жерде қаулай өскен есімдік, әр қилы фауна мұнда көне палеолит дәуіріндегі адамның өмір сүруіне қажетті алғышарттар жасады. Оңтүстік Қазақстанда табылған, Оңтүстік Шығыс Азия мен Африканың шелль-ашель уақытындағы тұрпайы құралдарына ұқсас ежелгі тас құралдар, Чжоу-коу-дянь үңгірінен синантроппен бірге табылған фаунаға жақын ежелгі жануарлардың түр құрамы осыны көрсетеді. Ең көне еңбек құралдарының қатарына жататын құралдар – Қаратау жотасының Арыстанды өзенінің төменгі ширектік Қеңірдек елді мекенінен табылған ауыр, тік бұрышты шақпақ тастар. Клектон тұрпаттас деп аталатын бұл ең ежелгі құралдардың одан анағұрлым кейінгілерден айырмасы – олардың соғатын қыры тым үлкен, ол тіпті бүкіл сынық көлемінің жартысынан көбірек. Олармен бірге үлкен шақпақ тастар, ұрануклеустер болды; әлгі сынықтар солардан сындырылып алынған. Қаратауда табылған шелль-ашель дәуіріне жататын неғұрлым көңіл қоярлық жаңалықтар

Шабакты, Тәңірқазған, Бөріқазған, Ақкөл I, Қазанғап қойнауларынан шықты. Бөріқазған мен Тәңірқазған қойнауларындағы тұрақтар шелль-ашелль дәуіріне жатады. Мұнда мәдени қалдықтар көп табылған нақпа-нақ шектелген жерден төрт түрлі заттар табылды; олар ежелгі адамның тас индустриясының негізгі түрлері болып табылады: 1) шетіне бір жағынан, не екі жағынан жұқартылған шапқы құралдар, 2) жүзі мейлінше өткірленген ашельдік тұрпатты шапқылар, 3) клектон тұрпатты ауыр сынықтар, 4) тұрпайы ірі ұра тастар – нуклеустер. Мұндай тас құралдар жиынтығы Ақкөл I тұрағына да тән. Шелль-ашелль дәуіріне жататын енді бір ірі ескерткіш Бетпақдалада, Шу өзенінің оң жақ жағасында табылды. Шу өзенінің ең жоғарғы көне ширектік сөресінің бетінде, Қазанғап қойнауында табылған заттардың жатқан жерінің геологиялық жағдайлары олардың жасының төменгі палеолитпен тұстас келетінін көрсетеді. 300 шамалы әр қилы тас заттар аршылды. Олар карбонмен шамалас қоңыр сары шақпақ тастан жасалған. Табылған заттардың негізгілері – клектон тұрпатты ауыр сынықтар. Шақпақ заттардан көп кездесетіндері – екі жақты (бифас) және бір жақты (унифас) шапқы құралдар, бірсыпыра қырғыштар, қол шапқылар, нуклеустер және басқа түрлі құралдар.

Қаратау тас құралдары формаларының және оларды өңдеу тәсілдерінің Африкада, Үндістанда, Пәкістанда, Қытайда табылған ежелгі заттармен типтік ұқсастығы Оңтүстік Қазақстанның территориясын адам сонау шелль-ашелль дәуірінде мекендеген деуге мүмкіндік береді. Қазақстанның ежелгі тұрғындары питекантроп пен синантроптың замандастары болған, бұлар эволюциялық дамуында *Homo erectus* кезеңіне сай келеді. Қаратаудың алғашқы тұрғындары от жағып, оны сөндірмей ұстай білген, ірілі-уақты хайуандарды аулаумен, өсімдік тағамдарын жинаумен шұғылданған.

Соңғы ашель және мустье дәуірінде тас құралдарды дайындау технологиясында және ежелгі адамның өмір салтында мәнді өзгерістер болды. Бұл өзгерістер адам эволюциясының жаңа, неғұрлым жоғары сатысының, неандерталь кезеңі деп аталатын кезеңнің нәтижесі еді. Неандерталь адам климаттың біршама суыған кезінде, сонымен бірге жер жүзінің бірқатар жерлерінде мұздану мейлінше күшейген кезде өмір сүрді. Өндірістік жағынан алғанда бұл кезең тасты өңдеудің неғұрлым жетілген техникасына көшумен сипатталды. Оның мәні мынада: дайындалған тасты жарғанда оның бір немесе екі қысқа жағы тегіс болып шығатындай етіп жарылды. Бұл үшін тоқпақшалар - сүйектен, ағаштан, мүйізден жасалған цилиндр бітімдес құралдар пайдаланылды. Одан соң тегіс алаңшадан ұзынша қалың қалақшалар сындырылып алынды. Тас

өңдеудің бұл жаңа тәсілі леваллуа техникасы деп аталды. Құралдарды дөңгелек нуклеустерден жасау әдісі сонау ашель дәуірінде пайда болған әдіс те өрістей берді. Мұндай тас қалақшалар дөңгелек нуклеустің шетінен ортасына қарай жару арқылы жасалды. Мустье құралдарының негізгі түрлері үшкір тас пен қырғыш болды. Үшкір тас пышақ ретінде және ағаш найзаның немесе сүңгінің ұшы ретінде пайдаланылған болса керек. Қырғыштар ағаштың қабығын сыдыру үшін, өлтірілген хайуандардың терісін өңдеу үшін қолданылған. Алайда, аспаптардың түрлері әлгі екі тұрпатты құралдармен біткен жоқ. Бұлардан басқа бұдан бұрынғы заманнан мұра болып қалған тас заттардың ескі формалары: клектон тұрпатты және жалған-клектон тұрпатты сынықтар, бифастар, унифастар, тағы басқалар болды және олар жетіле түсті. Мустье заманының әртүрлі аймақтарда табылған ескерткіштерінен құралдардың әр қилы түрлері және оларды жасаудағы техникалық әдістердің өзгешелігі айқын байқалады. Тас құралдарды жасаудағы техникалық-тұрпаттық өзгешеліктер әртүрлі себептерге – белгілі бір коллективті қоршаған табиғат жағдайларына, тас өңдеудің қалыптасқан дәстүрлеріне, шикізат ресурстарына байланысты болды.

Мустье адамының ең ірі жетістігі әртүрлі әдіспен от шығару болды; ол таяқтың істік ұшын жұмсақ ағаштың шұңқырына тығып тез айналдыру арқылы ағашты ағашқа үйкеп от шығарды, шақпақты рудалы минералға шағу арқылы да от жандырды. Отты пайдалану жануарлардың еті мен майын жұғымды, сіңімді тамаққа айналдыруға мүмкіндік берді. Ежелгі палеолиттің соңғы кезіне тән сипат – ескерткіштері әр алуан. Сол уақыттардан біздің заманымызға дейін жеткендері – жардың астына немесе үңгірге кірер жерде салынған, тұрақты жер ошағы бар тұрпайы баспаналар, шикізат ретіндегі тастар шығатын жерлердің маңындағы шеберхана-тұрақтар, тас сындыратын шеберханалар, аңшылардың маусымдық тұрақтары, олардың уақытша лагерьлері. Неандерталь адамы климаттың ылғалдану, суу жағдайларында күрке тәрізді қостар жасай білді; дөңгелек жартылай жертөлелер қазды, бұлардың қабырғаларын нығайту үшін жануарлардың сүйектерімен тіреді; мамонттардың сүйектерінен ірі баспаналар салды. Ұзақ мерзімдік баспаналардың салынуы тұрмыс салты мен қоғамдық құрылымда елеулі өзгерістер болғанын көрсетеді. Сол кездің өзінде-ақ жартылай отырықшылық тұрмыс салты қалыптасты деп айтуға негіз бар. Адамдар коллективінің бір бөлігі (әйелдер, балалар, шалдар) терімшілікпен шұғылданып, түпкілікті үйшіктерде тұрды, ал екінші бөлігі – аңшылар тобына біріккен еркектер олжа іздеп, көшіп жүрді және қамалап аулауға ыңғайлы жерлерде уақытша тұрақтар құрды. Тас қазатын жерлерден ыңғайлы тастар қазып алу, аң

аулау құралдарын жасау (Құдайкөл көлінің жағасындағы тұрақ-шеберхана), баспана салу, аңшылардың әкелгенін ұқсатып, тамақ дайындау сияқты еңбек процестерінің әр алуандығы табиғи түрде (жынысына және жасына қарай) еңбек бөлінісіне жеткізді. Тұрмыс жағдайлары коллективтің келісіп жұмыс істеуін талап етті.

Дене бітімі қазіргі кездегідей адамның (*Homo sapiens*) пайда болуы соңғы палеолит дәуірімен байланысты. Осы уақыттан бастап гоминидтердің эволюциясында шешуші өзгеріс болады және нағыз адамзат тарихына біржолата көшу басталады. Соңғы палеолит дәуірі – Жер шарының барлық климаттық аймақтарына адамның кеңінен тарай қоныстанған уақыты және нәсілдер мен нәсілдік топтардың қалыптасу уақыты. Ақыл-ойлы адамның шығуы мен соңғы палеолит дәуіріндегі адамзат қоғамының материалдық және рухани мәдениетінің одан әрі дамуы арасында тікелей байланыс бар. Бұл құбылыс қоғамдық қатынастардың прогрестік дамуымен, рулық қауымның қалыптасу процесімен, адам коллективінің қоғамдық ұйымдасуының өзіне тән алғашқы формасы ретіндегі рудың шығуымен тікелей байланысты. Рулық ұйым барлық жерлерде ана тектес және шеше жағынан топтасты, ал әйелдер қауымда үстем жағдайда болды деп топшыланады.

Сонымен, аналық ру өзара қандас туыстығы арқылы біріккен және шешелері жағынан шыққан тегі бір адамдардың экзогамиялық тобы болды. Сондай-ақ әйелдердің қоғамдық өмірдегі жоғары дәрежесі де қауымдық үй шаруашылығының өзгешелігінен, руды өрбітуші ретіндегі әйелдің семьядағы рөлінен туды. Ежелгі адамдардың идеологиялық ұғымдарында ру бастығы және ошақ иесі ретіндегі әйелге табынушылықтың пайда болуы кездейсоқ емес. Соңғы палеолит дәуіріндегі адамның дүниетанымы күрделене түсті. Аңшылар магиясына табыну көп тарады; мұның негізінде хайуанның бейнесін – символын бағындыру арқылы оған өктемдік етуге болады деп сену болды. Магияның универсалды құралы сол кезде пайда болған алғашқы жарқын өнер болды деп топшыланады. Оның басты тақырыбы – әртүрлі жануарлардың суретін салып, бітім-тұрпатын, мүсінін жасап бейнелеу болды. Сүйектен ойып немесе жұмсақ тастан қашап жасалған әйел мүсіндері жердің құнарлылығын, аналық қасиетті бейнеледі. Адамның жаны туралы, жердегі тіршіліктің жалғасы сияқты о дүниедегі өмірі туралы ұғымдар күрделі әдетғұрыптық рәсімдердің пайда болуына әкелді. Өлген адамның денесіне қызыл жоса себілді, оның кеудесіне тесілген қабыршықтардан, жыртқыш аңдардың тістерінен жасалған алқа

тағылды, аяғына мамонттың азуынан жасалған білезік кигізілді, киіміне моншак тігілді. Өліктің қасына шақпақтан, мүйізден жасалған заттар қойылды.

Табиғат пен шаруашылық. Қалыптасып келе жатқан адам өмірі өрістеген табиғат жағдайлары өзгермелі болды. Бұл кез мұз дәуірінің аяғы еді. Қазақстанның көптеген таулы аудандарын соңғы мұздану басты. Оның іздері таулардың етегі мен белдеулеріндегі құлама тастар түрінде осы уақытқа дейін сақталған. Каспий төңірегі ойпатын қайтадан теңіз суы басты. Жоғарғы антропоген басталған кезде тау жоталары едәуір көтерілді (Жоңғар кезеңі) және жалпы климат ылғалдана түсті. Мұздықтар ерігенде судың молаюы, Сырдария мен Амудария арналарының өзгеруі нәтижесінде Арал теңізі пайда болды. Климаттың бірсыпыра суып, жалпы ылғалдануына қарамастан, ол замандағы өсімдіктер мен жануарлар дүниесі осы заманғыдан бай болды. Тянь-Шаньда, Орталық және Солтүстік Қазақстанда емен, қайың ормандары әлі де өсетін, дегенмен, бұл кезде жалпы алғанда орман азайып, оның орнына мол бұталы, көделі жайылым көбейді. Евразияның ұланғайыр жазығында мамонттық комплекс деп аталатын өзінше бір үлгідегі фауналық комплекс қалыптасты. Мысалы, Батпақ-8 мустьелік ескерткішінің қасындағы бірінші тұрақта қалың мәдени қабат бар. Онда мамонт фаунасына жататын сүт қоректілердің сүйектері табылды. Табылған заттардың ішінен үш бұрышты және трапеция тәрізді болып шығатын екі ірі қалақ, ауыр қырғыш және екі жағынан жұқартылып жасалған жапырақ тәрізді сүңгінің ұшы ерекше көзге түседі.

Шығыс Қазақстан ескерткіштерінің ішіндегі ең көрнектілері – екі жерден табылған құралдар. Бірінші тұрақ Бұқтырма өзенінің құйылысына жақын жердегі кішігірім әкті үңгірге кіре берісте орналасқан. Батыс жағынан кіретін аузы бар үңгір екі үңгіме қуыстан тұрады; бұлар екеуіне ортақ кең және биік жаппа арқылы біріккен. Мәдени қабатты үш жыл бойы қазғанда жер ошақ қалдықтары, еңбек құралдары, жабайы аңдардың сүйектері табылды. Жоғарғы палеолиттік адамның аулаған аңдары Бұқтырма үңгірінде плейстоцендік және осы заманғы фаунаның ерекше назар аударарлық қоспасы болып шықты. Онда мамонт пен жүндес мүйізтұмсықтың сүйектерімен бірге жабайы жылқының, алғашқы зубрдың, арқардың, маралдың, үңгір қорқауының, қоңыр аюдың, құланның, қасқырдың, Кноблех түйесінің, еліктің, тағысын тағылардың сүйектері шықты. Коллекцияда қалақша қырғыштар, дөңгелек ретушьты жайпақ дөңгелек бір қырғыш, жиектері ретушьталып, ұшы дөңгелетілген пышақ тәрізді ауыр қалақ, пирамида бітімді кішкене нуклеус, призмалық нуклеустен алынған қалақтар, екі шетінде де жұқартылған ізі бар порфир малта тасынан жасалған тоқпақша бар. Бұлармен

бірге малта тастан істелген шапқы құрал, жалпақ сынықтан жасалған қырғыш және ретушьсыз сынықтар табылды. Жоғарғы антропогеннің екінші жартысында Қазақстанның территориясында климат құрғап, жылына бастады. Өсімдіктердің азаюы, шөлдің ұлғаюы бәрінен бұрын шөп қоректі ірі жануарлардың тіршілік жағдайларына әсер етті. Мамонттар мен жүндес мүйізтұмсықтар қырылып бітуге тиіс болды, олар біздің заманымыздан он мың жылдай бұрын өліп бітті. Жайық өзенінің сол жағасындағы ең соңғы мамонттардың бірі шамасы бұдан 8000 жыл бұрын өлді. Палеолит дәуірінде ірі жануарларды аулау адам қорегінің басты негізі болды; ал ірі жануарлардың құруы адамның тұрмыс жағдайларын өзгертті. Енді орташа және ұсақ аңдарды аулау үшін неғұрлым жетілдірілген жаңа құралдар қажет болды. Аңшылар топтары кейде тамақ іздеп ұзақ сапар шекті. Кезіп жүрген топ-топ аңшылар тұрақтарының негізгі түрі жеңіл күркелері қалған, ашық далаға от жағылған уақытша қостар бола бастады. Нуклеустерден қалақтар жарып алу техникасы жетілді; мұның өзі тас өңдеу дәлдігі артуының нәтижесі болды. Мустье дәуіріндегі дөңгелек және үшкіл нуклеустердің орнына призмалық нуклеустер пайдаланылды. Осындай бір нуклеустен бұрынғы уақыттағыдай екі-үш қалақ емес, ондаған жұқа қалақтар алынды; бұл қалақтар жүзін қосымша жұқартпай-ақ іске жарады; ал кейбір құралдар қыспа ретушь арқылы өңделді. Осындай техника арқылы, сынықтың жүзін қатты затпен (таспен, сүйекпен, мүйізбен) басу арқылы көне замандағы шеберлер бітімі әр қилы құралдар жасай білді. Құралдарды жасағанда адам отты шебер пайдаланды. Тасты бірте-бірте қыздырып, кейін суыту оның құрылымын өзгертті; мұның өзі құралдарды қыспа ретушь техникасы арқылы өңдеуді жеңілдетті. Мысалы, Тораңғы өзенінің аңғарындағы, Түлкілі мен Семізбұғы тауларының бөктеріндегі көптеген тұрақтарда түрлі тас заттар: сына тәрізді нуклеустер, нуклеусқырғыштар, ауыр дөңгелек сынықтар мен пышақ тәрізді қалақ-қырғыштар, ортаңғы қыры кесетін кескіштер, мустьелік бітімді үшкір тастар, «сібірлік» тұрпатты ауыр қырғыштар қалдырды. Орталық Қазақстанның басқа жерлерінде де, мәселен, Батпақ 7, Қарабас 3, Ангренсор 2 деген жерлерде көңіл қоярлық тас құралдар табылды. Өртүрлі іске қолданылатын еңбек құралдары пайда болды. Соңғы палеолитте әр қилы құралдардың саны оннан асып кетті, сыдырғыштар, сүйір және доғал қырғыштар, екі шеті жұқартылған қалақтар, қырларының бәрінің жүзі шығарылған кескіштер, найзалар мен сүңгінің ұштары, шұңқырлы қалақтар, тескіштер жасалды. Әсіресе кескіш құралдар көп болды; бұлар қалақтар мен сынықтардан жасалды; олардың үшкір бұрышы омырылып, қалақ жүзіне кесе-көлденең келетін шеті де кесетін болды. Кескіштердің көптігі

сүйек өңдеудің ролі өсе түскенін көрсетеді. Бұл материалдан шақпақ жүзді, сүйек сапты құрама құралдар, әр қилы бұрғылар, тескіштер, ауланған жануарлардың терісін өңдейтін қырғыштар, найзалар мен сүңгілердің сүйек ұштары, шанышқылар, лақтырылатын найзалар жасалды. Сүйек инелер пайда болып, адам теріден киім тігуді үйренді. Орталық Қазақстанның шығыс бөлігінде (Екібастұз қаласының оңтүстік жағында), Ангренсор көлін солтүстіктен белдеулеп тұрған шоқының оңтүстік баурайында орналасқан. Бұл жерден яшмадан жасалған 1000-нан аса зат жиналды. Олар көп алаңды, дөңгелекше сүйір нуклеустер, айқын білінетін соқпа қыры бар қысқа және жалпақ сынықтар, қалақтар, сыдырғыштар, шапқы тәрізді құрал, қырғыштар, тесетін кескіштер, сүңгінің қалақша ұштарының сынықтары. Аң аулау шаруашылықта бұрынғыдай жетекші рөл атқара берді. Бірақ аңшылық құралдарының әр қилы болуы, аң аулаудың жаңа әдістері (отты қолданып аңды қамау, оны ұстау үшін қамба қазу, арқанға байлап тас лақтыру, аран жасау) шаруашылық кәсіптің бұл түрінің өнімділігін арттырды. Алғашқы адамдар ыңғайлы жерлерде шанышқыларды, қысқа істік сүйектен жасалған долбарлы қармақтарды пайдаланып, балық аулады. Кейінгі палеолитте, әсіресе, оның климат суыған бірінші жартысында, адамдардың қоныстары кішігірім қырдың төбесіне жақсылап салынған баспаналар болды; бұлардың орнынан археологтар баспаналардың тіреуіштері қазылып орнатылған көптеген шұңқырларды және көп от жағылған жерлерді тауып жүр. Жоғарғы палеолиттік адамның материалдық мәдениеті жер жүзінің әр түрлі аудандарында әр уақытта қалыптасты, сондықтан оның тарихи даму жолдары бірдей болған жоқ. Сірә, көбінесе тас құралдарды өңдеу техникасы жағынан айырмасы бар екі үлкен аймақ болды. Еуропа мен Алдыңғы Азияда ежелгі адам призмалық нуклеусті өңдеудің жаңа техникасын өте ерте игерді. Африкада және Қазақстанның, Орта Азияның іргелес аудандарын қоса Орталық Азияда индустрияның негізгі формасы әлі көп уақытқа дейін тасты бөлшектеудің ескі леваллуалық техникасы болып қала берді. Мұнда тек соңғы палеолиттің кейінгі кезеңдерінде, мезолитке жуықтағанда ғана жаңа призмалық техникаға көшу басталады. Қазақстанның соңғы-палеолиттік замандағы ескерткіштері жете зерттелмеген, ал Батыс және Солтүстік Қазақстан сияқты кейбір аймақтарда олар белгісіз дерлік. Бірақ қолда бар мәліметтер адамның және оның мәдениетінің прогресі жалғаса берді деген қорытынды жасау үшін әбден жеткіліксіз. Қазақстан территориясында адамзат қоғамы дамуының үздіксіз болғанын неолит заманының табылған көптеген заттары дәлелдеп береді, ал бұл заманды біз тас дәуірінің кемелденген заманы деп атай аламыз.

Қазақстан территориясында мезолит пен неолит заманы біздің заманымыздан бұрынғы XII - X және IY мыңжылдықтардың арасындағы уақытты қамтиды. Уақыты жағынан біршама қысқа осы заманда өндірістің және адам өмірінің көп салаларында маңызды-маңызды өзгерістер болды. Ол заманда табиғи орта осы заманғы бейнеде болды. Жануарлар дүниесінің түрлік құрамы өзгерді: енді аңшылардың, аулайтыны көбінесе бизон мен жылқы, жабайы ешкі мен киік, қоян мен үйрек болды. Аңшылықтың жаңа құралдары ойлап шығарылды. Аңдарды бірлесе қуалап, қамап ұстау әдісімен қатар жеке-жеке аулау зор маңыз алды; балықшылық кәсібі өрістеді. Мезолит заманында ірі-ірі екі оқиға болды: садақ пен жебе ойлап шығарылды және микролиттер – үш бұрыш, ромб, трапеция, сегмент тәрізді ұсақ қалақтар пайда болды. Микролиттік индустрия ерекше кеңінен өрістеді. Микролиттер негізінде жебенің ұштары мен қыстырма құралдар жасауға жұмсалды: сүйек немесе ағаш саптың ұзына бойындағы қуыстарына ондаған ұсақ микролиттер тығылды; нақ осылар құралдың өткір жүзі болып шықты. Желім ретінде тау балауызы, қара май, битум пайдаланылды. Бүркітті өзенінің жағадағы алаңқайларын зерттегенде мезолит дәуіріне қатысты тас индустриясының үлгілері жиналды. Өзеннің оң жағасында малта тас қабатында көптеген мезолиттік шақпақ заттар: призмалық нуклеустер, жергілікті майда шақпақ тастардан жасалған қалақтар және олардың сынықтары табылды. Халцедондық 140 заттан тұратын енді бір коллекция Бүркітті өзенінің жайылма үстіндегі Қойтас қойнауының солтүстік жағындағы екінші алаңқайын тазартқанда жиналды. Мезолит дәуіріне жататын заттардың Ақтау тауының етегіндегі Үшбұлақ бұлағының арнасынан балшық қабатынан табылды. Қара және ақ майда шақпақтан жасалған заттардың ішінде қарындаш тәрізді, конус тәрізді, ұзындығы 3-6 сантиметрдей призмалық нуклеустер, кішкентай қалақтар, тескіштер, трапециялар, қырғыштар бар. Орталық Қазақстанның неолиттік тұрақтарын мекендеушілер тағы жануарларды аулаумен күн көрді. Олардың жебелерінің бітімі қалақша немесе үшкіл тәрізді, сағасы ойық болды. Аңшылар садақ пен жебелерден басқа найзалардың ұштарын кенінен пайдаланды. Қалған барлық саймандар – қыстырмалар мен қалақшалар түріндегі микролиттер. Қоныстардың денінде қырғыштар көп кездеседі. Мұнда мезолиттік техниканың дәстүрлері бар айқын бейнеленген микролиттік комплекстер үстем болды. Батыс Қазақстан мен Орталық Қазақстанның шекарасында орналасқан Қараторғай тұрақтар тобы Батыс Қазақстандағы тұрақтарға ұқсас. Сонымен бірге, оның материалы одан әрі шығысқа қарай таралатын және Орталық Қазақстанды түгел дерлік қамтитын жаңа техникалық тәсілдерді бейнелейді. Біздің заманымыздан

бұрынғы V мыңжылдықта басталған неолит тастың пайдалы қасиеттері барынша пайдаланылған дәуір болды. Еңбек құралдарын өндіру барған сайын мамандандырылды. Қыспа ретушь техникасының жетілдірілуімен қатар тас өңдеудің тегістеу, бұрғылау, арамен кесу сияқты жаңа технологиялық әдістері шықты, бірте-бірте қиын өңделетін тастар пайдаланылды, тас балталар, кетпендер, дәнүккіштер, келілер, келісаптар жасала бастады. Дәуірдің аса маңызды белгісі мал өсіру мен егіншілік, яғни өндіруші шаруашылық деп аталатын шаруашылық туды; бұл өндіруші шаруашылық табиғаттың дайын өнімдерін иемдену орнына – жиын-терін мен аң аулаудың орнына келді. Неолит дәуірінде алғашқы халықтың қолы жеткен өндіргіш күштер дамуының деңгейі басқа да мәдени-тұрмыстық жаңалықтардың шығуына себепші болды. Қазақстанның ежелгі халқында кен кәсібі мен тоқымашылықтың бастамалары шықты, оған керамикалық ыдыс белгілі болды. Әлеуметтік жағынан алғанда неолит дәуірі рулық қауым дәуірі болды; онда коллективтік еңбек және өндіріс құрал-жабдықтарына ортақ меншік үстем болды. Сонымен бірге, мұның өзі қоғамның ұйымдасу формаларының неғұрлым жоғары дамыған уақыты болды: тайпалар немесе тайпалық бірлестіктер құрылды. Тайпалар қандас-туысқандық байланысына қарай және шаруашылығының біртекті сипатына қарай біріккен бірнеше (саны азды-көпті) рулық қауымдардан құрылды. Неолиттік мәдениеттердің даму жолдарының сан алуандығымен, Евразияның табиғи-климаттық жағынан әртүрлі өлкелерінде ірі-ірі тарихи-мәдениеттік аймақтардың қалыптасуымен сипатталады; ал бұл аймақтар біртекті шаруашылық кәсіп арқылы, материалдық және рухани мәдениеттің ұқсас типтері арқылы бірікті. Қаратау жотасының оңтүстік бөктерінде (Шымкент қаласының солтүстік-шығыс жағында) Қараүңгір өзенінің оң жағасына орналасқан Қараүңгір неолиттік үңгір тұрағын қазғанда неолит дәуіріне қатысты ең көп және көрнекі материал алынды. Тарихи-мәдени жағынан алғанда Қараүңгір Орта Азияның келтеминар мәдениеті дейтіннің белгілі ескерткіштеріне ұқсас. Қазіргі уақытта Қазақстан территориясында 600-ден аса неолиттік және энеолиттік ескерткіштердің барлығы мәлім, алайда олардың басым көпшілігі іріктеліп қана зерттелді. Неолиттік тұрақтар орналасу сипатына қарай - бұлақтық, өзендік, көлдік, үңгірлік тұрақ деп төрт түрге бөлінеді. Әдетте өзендік тұрақтарда, сондай-ақ көлдік тұрақтарда едәуір көп заттар табылады; мұның өзі бұл жерлерде адамның түпкілікті немесе ұзақ уақыт тұрғанын көрсетеді. Мұндай тұрақтардағы негізгі құрал-саймандар – пышақ тәрізді қалақтар және солардан жасалған заттар. Қазақстан территориясында бұлақтық тұрақтар неғұрлым көп тараған, өйткені

шөл және шөлейт аймақтарда өзендер аз болады. Бұлақтардың жанындағы тұрақтар – көбінесе кезбе аңшылардың уақытша, маусымда тұрған жерлері. Қазақстанның шөл даласындағы неолиттік ескерткіштердің көпшілігі – ашық (жер бетіндегі) тұрақтар. Барлық тұрақтарда жергілікті материалдардан жасалған тас құралдар – жебелер мен найзалардың ұштары, балталар, қашаулар, пышақтар, қырғыштар табылды. Белгілі бір қаруларды жасау үшін тастардың түрлері сараланып, іріктеліп алынатын болды. Шикізаттың әр алуандығы оны ұқсатудың әртүрлі техникалық тәсілдерін дамытып, жетілдіруге себепкер болды. Керамикалық ыдыстар – негізінде ұсақ, түбі жайпақ және дөңгелек; мойны дұрыс шығарылып, үстіңгі жағы жалпайтылған. Құмыраларға өрнек салу тәсілдері мейлінше әр алуан: сызықты (тік сызықты және ирек сызықты) тісті қалынтың таңбасын түсіру, әртүрлі геометриялық фигуралар болып шығатын ойықшалар салу болып келеді. Жалпақ қойнауында алты тұрақ табылды; олардан жапсырылған керамиканың сынықтары және кварциттен жасалған құралдар жиналды. Балшықтан жасалған ыдыстардан көбі – мойны анық шығарылып жасалған ірі қыш құмыралар мен дөңгелек тостағандар. Бұлардың екеуінің де түбі томпақ немесе жайпақ. Ыдыстардың сырты тісті қалыппен басылған және сызып жасалған қарапайым өрнекпен ажарландырылған. Кварциттік заттардың ішінде үсті мұқалған, шеті қисайтылған қыстырмалар, тескіштер, пышақ тәрізді ойық қалақтар, қалақтардың шеттерінен жасалған немесе сынықтардан алынған қырғыштар көп.

Арал төңірегінен табылған неолиттік ескерткіштер екі хронологиялық дәуірге – неолит пен энеолитке жатады. Сексеуіл-1, Ақеспе неолиттік тұрақтарынан табылған заттардың ішінде екі жағы өңделген жебе мен сүңгі ұштары жоқ, бірақ оның есесіне трапеция формасындағы қыстырмалар, көптеген ұсақ, дұрыс қырланған, пышақ тәрізді қалақтар бар; ыдыстардың сынықтарында тісті қалыптың таңбасы қалған немесе түгел көлденең ирек сызықтар сызылған. Ал Сексеуіл-2 тұрағындағы жебелердің ұштары екі жақты қыспа ретушь арқылы мұқият өңделген; олар ойықтау сағалы, қалақша бітімді келеді; сондай-ақ найзалардың, сүңгілердің ұштары, көлемі мен бітімі әртүрлі қырғыштар бар. Жезқазған маңайынан табылған заттар соңғы неолит пен энеолитке жатады. Мұнда тастан жасалған көптеген балғалар, балталар табылды. Иманборлық тұрағы (Қөкшетау облысы) Иманборлық өзенінің сол жағасында орналасқан. Оның жарынан сүйектер, көмір, ұсақ шақпақ заттар, ірі құралдар және керамика жатқан қабаты айқын көрінеді. Керамикалық ыдысты Иманборлық-2 тұрағының тұрғындары таспа әдісімен жапсырып жасаған. Сірә, жасалған ыдыстар отқа

күйдірілсе керек. Батыс Қазақстан территориясында негізінен өзендік және көлдік типтегі тұрақтар көп тараған. Маңғыстауда мезолиттік материалдар негізінде б.з.б. YI - Y мыңжылдықтар шегінде белгіленетін, ойықты және төлес мәдениеттерінің тұрақтары болып табылатын жергілікті неолит қалыптасады. Үстірт қыратындағы тұрақтар ерте заманға жатады. Бұлар – адамдардың уақытша тұрған жерлері. Мұнда табылған саймандар көп емес: трапеция тәрізді құралдар, кескіштер ғана, керамика жоқ. Солтүстік батыс Қазақстан өлкесінің ежелгі тұрақтары болып, уақыт жағынан алғашқылар қатарынан табылады; оларды мекендеушілер пышақ тәрізді қалақтарды кеңінен пайдаланды, бұлардан барлық тас құралдарды - қыстырма құралдардың жүздерін, жебелердің ұштарын, қырғыштарды жасады. Керамика бітімі жағынан да, өрнектелуі жағынан да ерекше; ирек сызықты немесе геометриялық тарақ тәрізді өрнек, не болмаса осы екеуінің қиюласуы тән болып келеді. Бұл ауданның неолиттік тайпаларының мәдениеті Оңтүстік Уралдың, Солтүстік Қазақстанның және Арал маңының неолит мәдениетіне ұқсас; мұның өзі, сірә, ол дәуірде солтүстік батыс Қазақстанда күрделі тарихи процестер болғанын көрсететін болса керек. 300-ден астам тұрақтың материалдарына талдау жасаған зерттеушілер Есіл өңіріндегі – Атбасар мен Торғай үстіртіндегі маханжар неолиттік мәдениетін бөліп көрсетті. Шығыс Қазақстанның неолиттік тайпаларының ең ірі қоныстары Ертістің жоғарғы өңірінде зерттелді. Бұларға Усть-Нарым мен Мало-Красноярка деревняларының жанындағы ескерткіштер жатады.

Усть-Нарым қонысында шыққан заттардың дені, сондай-ақ баспаналардың, жер ошақтардың және шаруашылық шұңқырларының іздері 2,5-2,8 м тереңдіктен шықты. Қоныстың мәдени қабаты жұқа құм қабат арқылы екі белдеуге бөлінеді. Усть-Нарымда 25 жер ошақ пен от орны, көптеген тас құралдар табылды. Көне замандағы аңшылар мен балықшылар мұнда ағаштан жасалған жеңіл күркелерде және есігі өзен жаққа қарайтын чумдарда тұрған. Қоныстан жабайы бұқаның, маралдың, еліктің, қабанның, құндыздың, түлкінің, суырдың сүйектері табылды. Тас саймандар көршілес сібірлік-алтайлық неолиттік тайпалардың заттарына етене ұқсас. Осының өзінде Усть-Нарым керамикасы Оңтүстік Батыс Қазақстанның керамикасымен және Орта Азияның келтеминар мәдениетімен ұқсас. Ыдыстың бүйірі түгел өрнекпен сәнделген. Өрнектердің ішінде тарақ тәрізді және типыл қалыппен көлденең түсірілген таңбалар көбірек кездеседі. Солтүстік Қазақстандағы қоныстар мен табылған заттар. Солтүстік Қазақстанның көптеген тұрақтарының ішіндегі ең назар аударатындары – Ертістің Павлодар өңіріндегі көлдік типтегі тұрақтар. Табылған заттардың ең

ертедегі комплексі Пеньки-1 тұрағынан шықты. Мұнда пышақ тәрізді қалақтар көп, олардан әрқилы қырғыштар, бұрғылар, сыдырғыштар, құрама құралдардың қыстырмалары, пышақтар, жебелердің ұштары жасалатын болған. Жебе ұштарының негізгі түрлері: үш бұрышты, сағасында ойығы бар немесе ойығы жоқ, көлемі кішкене, ішінара немесе екі жақты жалпақ ретушьпен өңделген. Қыстырмалардың ішінде геометриялық түрдегі, трапеция бітімді заттар ерекше көзге түседі. Ондай трапециялар Батыс және Оңтүстік Қазақстанның, Оңтүстік батыс Қарақұмның тұрақтарында табылған. Әдетте мұндай заттар мезолиттік немесе әуелгі-неолиттік комплекстерге тән. Тұрақтағы керамика – бүйірі тікше, түбі дөңгелек немесе сүйір ыдыстар. Олар құм қосылған балшықтан жасалған. Ыдыстардың бүкіл сыртына айқын өрнектер салынған; оларда аралары шұңқырша ойықтармен бөлінген кезектесіп келген тура сызықтар, бұраң немесе ирек сызықтар басым болып келеді. Пеньки-1 тұрағының ыдысы Орталық және Батыс Қазақстанның ыдысынан мүлде өзгеше, бірақ Урал және Батыс Сібір ескерткіштерінің, бәрінен бұрын Есіл мен Орта Ертіс аңғарларынан шыққан ескерткіштердің керамикасына жақын. Пеньки-2 деген енді бір тұрақ неолиттің соңғы жағына – энеолитке жатады. Оның тас құрал-сайманы Пеньки-1 неолит тұрағында қолданылған тас өңдеу техникасындағы дәстүрлермен сабақтастығын көрсетеді. Сонымен қатар, ол уақыты жағынан едәуір кейін шыққан: құралдар тұрпаттарының өзі өзгерген, қалақтардың проценті ғана емес, олардан жасалған заттардың проценті де азайды.

Пеньки-1 тұрағында жердің үстіндегі тік бұрышты баспаналар ашылды. Сірә, үйдің, қамыспен жабылған ағаш қаңқасы болса керек. Үйлер қонысмекеннің шетіне айнала орналасқан; ортада бір қатар болып тізілген ашық жер ошақтары бар алаң болған. Оларда жазғы уақытта тамақ дайындалған. Үйдің ішінде үш жер ошақ болды (бірі ортада, басқа екеуі екі жақта); мұның өзі үйде екі семья тұрған деп топшылауға мүмкіндік береді. Қазақстан территориясында әзірге бірнеше неолиттік көмбе ашылды, олар негізінен Солтүстік Қазақстанда. Жер бетінде кембенің ешқайсысының сыртқы белгісі жоқ. Барлық молалардан сүйектермен бірге жебелердің ұштары шықты; мұның өзі біздің арғы бабаларымыздың аң аулау кәсібімен одан әрі шұғылданғанын ғана емес, сонымен қатар, олардың жиі-жиі соғыс жанжалына қатысқанын да көрсетеді. Көмбелерде керамика өте аз, ал кейбіреулерінде мүлде жоқ. Неолит дәуіріндегі жерлеу ғұрпы туралы Железинка селосы (Пеньки тұрағынан 100 км жерде) жанындағы молаға қарап неғұрлым толық пікірге келуге болады. Археологиялық үлгілердің материалдық мәдениетке жататын жаңа жиынтықтары: жалпақтүпті, өрнегі бай

керамика, ұсақ қалақша, тұрғын үйлер айқын көрінеді. Жаңа тас дәуірінен металдарды кеңінен пайдалануға бет алған өтпелі дәуір әдетте энеолит немесе мыс-тас дәуірі деп аталады. Энеолиттік дәуір мал шаруашылығы басым дамыған далалық өңірде де маңызды рөл атқарды. Мұнда табиғи-экологиялық орта мүлде басқаша және оны игеру үшін адам ең оңай жолмен жүре отырып, бейімделудің басқа жолын тандап алды. Энеолит дәуірінде климат ылғал болды. Сол арқылы ірі сүтқоректілер санының белсенді түрде табиғи өсуіне, көбеюіне мінсіз жағдай жасалды. Бұл кезде мұнда жылқы да осындай болды. Аңшылық ұжымдардың өздері көшіп жүретін аумақты қысқарту, ал кейде оны толық тоқтату есебінен өз алқаптарының көлемін кеміткені былай тұрсын, сонымен бірге бір жерде ұзақ уақыт бойы шоғырлана да білді. Тарылған аң аулау алқаптарындағы тұтынылатын биомассаның орнын толықтыру өз төлінің табиғи өсу есебінен ғана емес, сонымен қатар, аңшылардан босаған аумақтардан табындардың ағылып келуі есебінен де жүзеге асып отырды.

Ботай мәдениеті. Көкшетау облысындағы Ботай бекеті жанындағы қоныстың атымен аталған. Ботай мәдениеті Солтүстік Қазақстанның (Жайық Ертіс өзендері аралығының) далалық энеолитін сипаттайды және мерзімі б.з.б. III - II мыңжылдықтармен белгіленеді. Оның қалыптасу барысына Шығыс Каспий маңы өңірі мен Оңтүстік Оралдың сырттай ықпал жасағаны жөнінде мәліметтер бар. Ботай мәдениетін В.В. Зайберт ашты. В.Н. Логвин, С. Қалиева оның батыстық нұсқасын, терсек мәдениетін бөліп көрсетті. Терсек мәдениетінде басқа мәдениеттің ықпалы айқын аңғарылады және оның кейбір ескерткіштері б.з.б. IV мыңжылдықпен белгіленетін алдыңғы энеолит дәуіріне жатуы ықтимал. Бірқатар қоныстар: Қостанай және Торғай облыстарында – Бестамақ, Тұздықөл-1, Ливановка, Құмкешу, Қожай, Дүзбай-3; Көкшетау облысында Ботай, Красный Яр, Васильков-4 қоныстары ашылды; барлығы жиырмадан астам қоныс белгілі. Қоныстар әдетте шағын дала өзендері: Торғайдың, Терісаққанның, жоғарғы Тобылдың, Обағанның, Шағалалының, Иманбұрлықтың биік жағаларындағы алаптарды алып жатыр. Оңтүстік Оралдың далалық өңірінің суртандылық халқы мен Еділ бойындағы Хвалын мәдениетінің ескерткіштері өз белгілері жағынан жоғарыда суреттелген мәдениетке жақын. Оңтүстік шығысында Ботай мәдениетінің материалдары Афанасьев (Алтай) және Усть-нарым (Шығыс Қазақстан) мәдениетінің олжаларымен ұштасып жатыр. Соңғы жылдарда жаңадан табылған олжалар Орынбордың далалық өңірінде Турганик, ал Тобылдың Қорған өңірінде Савинов мәдениетін бөліп көрсету туралы мәселені алға қойды. Материалдарды одан әрі зерттеу мен қорыту кезінде Андронов

үлгісіндегі ірі қауымды бөліп шығару туралы мәселе туады. Қазірдің өзінде-ақ зерттеушілердің андроновқа дейінгі тұрғындар терминін жиі пайдаланып, бұл орайда олардың генетикалық байланысын айтатындығы жиі кездеседі. Аңшылар мен балықшылар дүниесі шеңберінде болған тығыз мәдени-шаруашылық байланыстар археологиялық материалдардан айқын көрінеді. Мұндай байланыстарды Орта Азияның солтүстік аймақтарын мекендеген келтеминар мәдениетінің немесе келтеминар мәдени қауымының тайпалары жөнінде неғұрлым анық аңғаруға болады. Ол байланыстар бәрінен де гөрі Оңтүстік Қазақстанның және, әсіресе, Батыс Қазақстанның тайпаларында айқын көрінеді. Ежелгі байланыстар тізбегі сонау алыс солтүстік пен солтүстік-батыстағы Приуралье мен Батыс Сібірге жетіп, шақпақ құралдар бітімдерінің өзгешеліктерінен және өрнектелген балшық ыдыстардың түрлерінен көрініп отырады. Солтүстік және Шығыс Қазақстан тайпаларының мәдениеті Орта Азия халықтарының мәдениетіне ұқсас белгілерін аңғарта отырып, сонымен қатар, жаңа тас дәуіріндегі Алтай мен Байкал өңірі тайпаларына неғұрлым жақын болды. Сонымен, мәдени дәстүрлердің ерекшелігі мен өзгешелігін сақтай отырып, Қазақстанның неолиттік тайпалары көрші региондар мен аймақтардың тайпаларымен тығыз байланыста дамыды.

Энеолит (лат. *aeneus* – мыс және гр. *litos* – тас) – неолит пен қола дәуірі аралығындағы археологиялық кезең (тас-мыс кезеңі). Энеолитте тұңғыш рет таза мыс белгілі болды және одан әр түрлі әшекей бұйымдар мен еңбек құралдары жасалды. Алайда энеолитте тас құралдары әлі де басым болды. Энеолит дәуіріне Орталық Азиядағы Анау мен Намазғы-Төбемәдениеті, Украинадағы Триполь мәдениеті, Оңт. Кавказдағы Шенгавий мәдениеті, Қазақстанда Жезқазған көне құдықтары жатады. Энеолит кезінде егіншілікпен қатар, аңшылық және мал шаруашылығы қатар дамыды.

Мыс кезеңі басындағы мыс әшекейлерінің таралуы.

Өндірісте мыстан жасалған еңбек құралдарын пайдаланумен энеолит дәуірі, яғни мыстас ғасыры басталды. Адам қолдануды үйренген алғашқы металл — мыс болды. Мыс құралдардың өндіріске ене бастауы шақпақтас "индустриясының" біртіндеп құлдырауына себеп болды.

Қазақстанда энеолит дәуірінің ашылған ескерткіштері әзірге көп емес. Олардың бір тобы қазіргі Қостанай, Ақмола облыстарындағы Торғай, Тобыл өзендерінің бойында. Осылардың ішіндегі ең жақсы зерттелгені және тарихи құнды материал бергені — Ботай қонысы. Сондықтан Қазақстанның осы аталған аймағындағы энеолиттік мәдениетті "Ботай мәдениеті" деп атайды.

Ботай энеолиттік қонысы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысындағы Ботай елді мекені жанында, Иманбұрлық өзенінің оң жағалауында орналасқан. Қоныс шамамен б.з.д. XXIV - XXII ғасырлар арасында, 200 жылдай уақыт өмір сүрген. Қоныстан 160-ка жуық жекелеген үй орындары ашылды. Үйлер кәдімгідей көше-көше болып салынған. Үйлердің көпшілігі жертөле ретінде қабырғасының жартысына жуығы жер астына үңгіп салынған. Үйдің қабырғасының бір метрге жуығы кәдімгі жер. Одан жоғары тұсы қазылған жерден шығарылған топырақпен дуал етіп шегендеген қабырға. Осылайша салынған қабырғаларға төбесіне қарай тарыла беретін бөрене-сырғауылдар қаланған. Күмбез түрінде жасалған төбеге ағаш бұтақтары тасталып, оның үстіне шым жапқан. Үйдің төбесінің дәл ортасында түтін шығатын тесік қалдырған. Сыртқы есік қабырғадан ойылып шығарылған, оның сыртында кішкене дәліз болған. Ошақ үйдің ортасында орналасқан. Одан төр жақта адамдардың жататын жері болған. Қоныстан тас, сүйек, сазбалшықтан жасалған заттар мен құралдар көп табылды. Мысалы, тас пышақтар, қанжарлар, жебенің, найзаның ұштары. Әр түрлі ағаш өңдейтін құралдар: шот, балта, қашау, тері өңдейтін қырғыштар тастан жасалса, біздер, инелер сүйектен жасалған. Өлген адамдарын қоныстың маңындағы ескі тұрақтарға жерлеген. Жерленгендердің айналасына, қабір үстіне жылқының бас сүйегін айналдыра тізіп қойған. Ботайлықтар бүкіл еуразия даласындағы ең алғашқы жылқы өсірушілер болған. Ботай қонысынан 70 мың жылқының сүйек қалдықтары табылды. Бұл тек зерттелген аумақтардан шыққандары ғана, әлі ашылмағандары қаншама?! Ботайлықтар, негізінен, жылқы өсірген алғашқы бақташы тайпалар. Ботайлықтардың ерекше атауға тұратын ғұрыптарының ішінен адамның бас сүйегін балшықпен мумиялауды білгендігін, итті кие тұтып үйдің табалдырығының астына көмгендігін атауға болады.

Қазақстан аумағындағы энеолит дәуірі мәдениетінің екінші аймағы — Маңғыстау өңірі. Энеолит мәдениеті бұл өңірге екі жақтан келді деген тұспал бар. Бірі — Еділ-Жайық бойында өмір сүрген Хвалын тайпалары. Екіншісі — б.з.д. III - II-мыңжылдықтарда Орталық Азиядан белгілі бір бөлігі Маңғыстауға қоныс аударған Келтеминар мәдениетінің өкілдері. Маңғыстау түбегіндегі белгілі энеолит тұрақтары Шебер, Жыңғылды, Қошқарата, т. б.

Бұл тұрақтардан ірі шақпақтас құралдар, оның ішінде тері өңдеуге көп пайдаланылған бүйірлі қырғыштар, қашау тәрізді құралдар, бір жүзді пышақтар, иінді бұрғылар табылды. Қыш ыдыстары саз балшықтан қолдан жасалған. Ыдыстардың көбінің түбі дөңгелек конус тәріздес, тұрқы жұмыртқаға ұқсас келеді. Ыдыстардың ернеуіне жаға тәріздес қалың жиекпен қатар тарақ жүзді

өрнек салынған. Шебер тұрағынан кішкене металл біз табылды. Мұндай жекелеген металл заттар хвалын мәдениетіне жататын зираттардан да табылған. Энеолит дәуірінде Қазақстан жеріндегі тайпалар, оның ішінде бүгінгі күнге дейін жақсы зерттелген Ертіс пен Еділ арасындағы елді мекен тұрғындары мал өсірумен айналысқан, оның ішінде жылқы түлігі басым болған.

Әлеуметтік және шаруашылық ұйым. Энеолиттік дәуір мал шаруашылығы басым дамыған далалық өңірде де маңызды рөл атқарды. Қазақстан даласындағы энеолит мүлде басқаша көрінеді. Мұнда табиғи-экологиялық орта мүлде басқаша және оны игеру үшін адам ең оңай жолмен жүре отырып, бейімделудің басқа жолын тандап алды. Бұл жолда тас индустриясы кері кете қойған жоқ, керісінше бұрынғысынан да жоғары деңгейге көтерілді. Адам тасты өндеудің (тесу, өздігінен қайралатын балталар, мінсіз аэродинамикалық түрдегі найзалардың ірі ұштары, оймалау және т. б.) мүмкіндіктерін ақырына дейін жүзеге асырып қана қоймай, сонымен қатар өндірістік-шаруашылық (соның ішінде керамикалық және сүйек) саймандарының түр-түрін де шамадан тыс кеңейтті. Рас, бұл уақытта қалақша-қыстырма индустрия өз мәнін жоғалтқан еді. Энеолит дәуірінде климат ылғал болды. Сол арқылы ірі сүткөректілер санының белсенді түрде табиғи өсуіне, көбеюіне мінсіз жағдай жасалды. Бұл кезде мұнда жылқы да осындай болды. Бұл түрдің экологиялық, тепе-теңдікті бұзбай күрт көбеюі, аң аулайтын алқап көлемінің бөлінісіне шаққанда оның мөлшерінің ұлғаюы басқа үрдістерді өмірге келтірді. Аңшылық ұжымдардың өздері көшіп жүретін аумақты қысқарту, ал кейде оны толық тоқтату есебінен өз алқаптарының көлемін кеміткені былай тұрсын, сонымен бірге бір жерде ұзақ уақыт бойы шоғырлана да білді. Тарылған аң аулау алқаптарындағы тұтынылатын биомассаның орнын толықтыру өз төлінің табиғи өсу есебінен ғана емес, сонымен қатар аңшылардан босаған аумақтардан табындардың ағылып келуі есебінен де жүзеге асып отырды.

Энеолит дәуірінде рулық қауымның негізін өбінесе патриархалдық отбасы құрайтын болды. Патриархалдық ("pater" — әке, "agche — билік) отбасылар жақын туысқандардың үшеуден астам ұрпағынан тұрды. Ең үлкендері рулық бірлікке кірді, рулар тайпаға бірікті. Тайпалар қандас-туысқандық белгілеріне және шаруашылық ортақтығына қарай біріккен бірнеше рулық қауымнан құралды. Ал тайпалар кейінгі тарихи кезеңде тайпа одақтарын құратын болды. Біртіндеп үлкен патриархалдық отбасылардың үйге, малға, еңбек құралдарына, тұрмыстық заттарға жеке меншік пайда болды. Ру мүшелері жайылым мен аң аулайтын жерлерді де иемденді.

4. Оқытудың техникалық құралдары: слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық.

5. Лекцияның оқыту тәртібі, әдістері мен түрлері: : проблемалық лекция, проблемалық оқыту технологиясы.

6. Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (1-деңгей, 2-деңгей, 3-деңгей сұрақтарымен беріледі) және оларды бағалаудағы ұпайдардың үлестірілуі:
1-деңгейдің сұрақтары:

1. Ежелгі палеолиттік тұрақтар аумағы.
2. Каспий өңірі мен Үстірттегі палеолит немен ерекшеленеді?
3. Палеолит дәуірінде ежелгі адам еңбек құралдарының қандай түрін дайындады?

2-деңгейдің сұрақтары:

1. Тас өңдеудің қандай техникасын «жарып түсіру техникасы» немесе «малтатас мәдениеті» деп атайды?
2. Құдайкөл, Жаман-Айбат, Обалысай сияқты палеолиттік тұрақтар қайда орналасқан?
3. . Сегізбұғы кешенін зерттеушілердің пікірінше, тас индустриясының эволюциясында алдыңғы технология болып не табылады?

3-деңгейдің сұрақтары:

- 1 Рулық қауым қай уақытта қалыптасты.
2. Шығыс Қазақстанда табылған палеолиттік тұрақтарды ата?

7. СӨЖ және ОСӨЖ тапсырмалары, олардың түрлері мен орындалуына қойылатын ұпайдардың үлестері: Бақылау жұмысын жазу барысында келесі сұрақтарға жауап беру қажет: өнердің пайда болу алғышарттары, Қазақстан аумағындағы тас дәуірі өнерінің ескерткіштері, олардың зерттелу мәселесі.

8. Пайдаланылатын әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық, 1 том. Алматы, 1996.
2. Алпысбаев Х.А. Неолитическая стоянка в пещере Караунгур. // Изв. АН Каз ССР. Сер. обществ., 1969, №2, С. 85-87.
3. Байпаков К.М., Таймагамбетов Ж.К. Археология Казахстана. Учебное пособие для студентов исторических факультетав вузов. – Алматы, 1993., 362 с.
4. Петрин В.Т., Таймагамбетов Ж.К. Комплексы палеолитической стоянки Шульбинка из верхнего Прииртышья. – Алматы, 2000, – 167 с.
5. Сыздыкова А.М. Ертістің Павлодар өңіріндегі археологиялық ескерткіштер. – Павлодар, – 27 б.

6.Калыш А.Б. Историческое краеведение Казахстана. 2017.

7. Қартабаева, Е.Т., Мырзабекова, Р.С. Ежелгі дүние тарихы 2014. РМЭБ.

Қосымша әдебиеттер:

1. Нысанбаев Н.Ә., Нұрмұратов С.Е., ТҒыбитов Х. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) : Монография. 1-том :Қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір 2014. РМЭБ

2. Нұржанов А. Ұлы жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. Алматы: Рауан, 2018.

3. Алан Барнард. Антропология тарихы мен теориясы [оқулық] / А. Барнард; ауд. Ж. Жұмашова, 2018. - 240 б.

WEB-сайттар тізімі:

1. <http://e-history.kz/kz>

2. https://vk.com/history_qaz